

"Қазақстан Республикасы аумағынан мұнай өнімдерін әкетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 359, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2024 жылғы 8 қазандағы № 855/қе-қа, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 680 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 747 бірлескен бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 93-н/қ, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2025 жылғы 27 ақпандағы № 134қе-па, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 ақпандағы № 94 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 28 ақпандағы № 156 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 ақпанда № 35765 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Қазақстан Республикасы аумағынан мұнай өнімдерін әкетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 359, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2024 жылғы 8 қазандағы № 855/қе-қа, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 680, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 747 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35232 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. 2025 жылғы 30 маусымға дейінгі мерзімге Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағының шегінен тыс жерлерге Қазақстан Республикасының аумағынан жеңіл дистилляттарды (СЭҚ ТН кодтары 2710 12 110 1 – 2710 12 310 0, 2710 12 700 0 – 2710 12 900 8), авиакеросиндерді және дизель отынын (СЭҚ ТН кодтары 2710 19 110 0 – 2710 19 460 0), газойлдарды (СЭҚ ТН кодтары 2710 20 110 0 – 2710 20 190 0), толуолды, ксилолдарды (СЭҚ ТН кодтары 2902 30 000 0, 2902 41 000 0, 2902 42 000 0, 2902 44 000 0), мұнай битумын (СЭҚ ТН коды 2713 20 000 0) әкетуге тыйым салу енгізілсін."

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен өзара іс-қимыл жасай отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде осы бірлескен бұйрықтың 1-тармағының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі өз құзыреті шегінде осы бірлескен бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген тауарларды автомобиль көлік құралдарын дайындаушы зауытпен көзделген стандарттарға сәйкес келмейтін бензин бактарында әкету жағдайларына жол бермеу бойынша көмек көрсетсін.

4. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай тасымалдау және өңдеу департаменті осы бірлескен бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген тыйым салуды енгізу туралы Еуразиялық экономикалық комиссияны белгіленген тәртіппен хабардар ету қажеттілігі жөнінде Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігіне хабарласын.

5. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай тасымалдау және өңдеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

6. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау тиісті бағытқа жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика, қаржы, ішкі істер вице-министрлеріне және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директорына жүктелсін.

7. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы*

Е. Сагимбаев

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

М. Такиев

*Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі*

Е. Саденов

*Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі*

А. Саткалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Көлік министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ